

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
элеуметтік даму министрлігі
Медициналық және
фармацевтикалық қызметті
бақылау комитеті Төрағасының
2016 ж. “30” __12__
№ N005897 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік препаратты медициналық қолдану
жөніндегі нұсқаулық**

Энтерокинд

Саудалық атауы

Энтерокинд

Халықаралық патенттелмеген атауы

Жоқ

Дәрілік түрі

Ішуге арналған тамшылар

Құрамы

100 г препараттың құрамында

белсенді заттар: :

Matricaria recutita (Chamomilla) dil. D5 1.00 г

Artemisia Cina dil. D5 1.00 г

Citrullus Colocynthis dil. D5 1.00 г

Lac bovinum defloratum dil. D5 1.00 г

Magnesium chloratum dil. D5 1.00 г

қосымша заттар: ксилит, глицерин 85%, тазартылған су.

Дайын өнімде спирт (этанол) концентрациясы 3,1 % к / к.

Сипаттамасы

Мөлдір, түссіз, тұтқыр сұйықтық.

Фармакотерапиялық тобы

Ішектің функционалдық бұзылыстарын емдеуге арналған басқа да препараттар.

АТХ коды А03АХ

.

Фармакологиялық қасиеттері

Энтерокинд емшектегі және кіші жастағы балаларда «балалардағы» шаншу және метеоризмді емдеуде өзін жақсы танытқан гомеопатиялық кешенді препарат болып табылады. Препараттың белсенді ингредиенттері тітіркену, іштің ауыруы, іштің шаншуы және метеоризм сияқты дағдылы симптомдарға қатысты тиімді.

Гомеопатиялық емнің ауруларды анықтау мен дәрілік препараттарды қолдану жағынан дәстүрлі медицинадан елеулі айырмашылығы бар. Гомеопатиялық дәрілер организмнің дербес қорғаныш механизмдерін көтермелейді және сонысымен өздігінен сауығу қабілетін белсендіреді. Организмнің гомеопатиялық дәріге жауап реакциясы жеке дара. Осыған байланысты нақты дозаларға фармакологиялық сипаттамаларын, фармакодинамикалық немесе фармакокинетикалық сипаттамаларын анықтау мүмкін емес.

Метеоризмде *Matricaria recutita* (*Chamomilla*) шаншуды басады. *Artemisia Cina* негізінен диареяны және шаншуды емдеуге қажет. *Citrullus Colocynthis* асқазан-ішек жолының ауырып түйілуін емдеуге беріледі. *Lac bovinum defloratum* ауыратын түйілулер мен метеоризм сияқты асқазан мен ішектің әртүрлі функционалдық бұзылуларын емдеу үшін пайдаланылады. *Magnesium chloratum* АІЖ ауыруын жеңілдетуде және тағам жақпаушылығынан болатын іш қатуларда қолданылады.

Қолданылуы

- емшектегі және кіші жастағы балаларда «балалардағы» шаншу және метеоризмді емдеу үшін

Қолдану тәсілі және дозалары

Өзге нұсқаулар болмағанда Энтерокинд мынадай түрде қолданылады:

0-ден 6 жасқа дейінгі балалар:

- жедел симптомдарда әр сағат сайын 3 тамшыдан, бірақ күніне 6 реттен көп емес; симптомдары бәсеңдегеннен кейін 3 тамшыдан күніне 3 рет.

Тамшыларды тамақтануға дейін жарты сағат бұрын немесе одан кейін жарты сағаттан соң қабылдау керек. Жұтпастан бұрын тамшыларды аузында аздап ұстап тұруға балаңызды көндіруге тырысыңыз. Емшек еметін балаларды емдегенде тамшыларды шамамен 20 мл (2 ас қасықпен) қайнаған және суыған суда араластыруға болады.

Жағымсыз әсерлері

Жағымсыз әсерлері анықталмаған. Препарат компоненттерінің біріне аллергиялық реакциялар болуы мүмкін.

Егер Сіз Энтерокинд препаратын қабылдағаннан кейін Сіздің балаңызда жағымсыз әсерлерінің белгілері байқалып келе жатқанына күдіктенсеңіз, бұл туралы дәрігеріңізге немесе фармацевке айтуыңыз керек.

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- препарат компоненттерінің біреуіне аса жоғары сезімталдық

Дәрілермен өзара әрекеттесуі

Анықталмаған

Егер Сіздің балаңыз басқа дәрілік заттарды қабылдап жүрсе немесе таяу арада қабылдаған болса, дәрігеріңізге немесе фармацевке айтыңыз. Бұл рецептсіз алуға болатын дәрі-дәрмектерге де қатысты.

Айрықша нұсқаулар

Бұл дәрілік заттың құрамында аздаған мөлшерде (этанол) бар. Осыған байланысты ата-аналар оны қолдануды бақылап отырулары тиіс.

Жағдайы жақсармағанда, жай-күйі айқын болмағанда немесе жаңа симптомдар пайда болғанда дәрігерге көрініңіз, өйткені мұндай жағдайда дәрігерлік көмекті қажет ететін аурулар жайында сөз болуы мүмкін.

Гомеопатиялық дәрілік заттарды қабылдау кезінде орын алған жай-күйі уақытша нашарлауы (бастапқы гомеопатиялық асқыну) мүмкін. Мұндай жағдайларда пациенттер препарат қабылдауды тоқтатып, дәрігерге қаралуы тиіс.

Артық дозалануы

Анықталмаған

Шығарылу түрі және қаптамасы

20 мл препараттан полиэтиленнен жасалған тамшылатқышпен жабдықталған, бұрандалы қақпағы бар күңгірт шыны құтыға құйылған

1 құтыдан медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілінде жазылған нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынған.

Сақтау шарттары

25 °С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Құты ашылғаннан кейінгі қолдану кезеңі – 12 ай.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Сақтау мерзімі

5 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін пайдалануға болмайды.

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептсіз

Өндіруші

Дойче Хомеопати -Унион ДХУ- Арцнаймиттель ГмбХ & Ко. КГ

Оттоштрассе 24, 76227 Карлсруэ, Германия

Шығарылуын бақылайтын ұйым

Др. Пайтнер КГ нунмер ГмбХ & Ко, Австрия

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы/Дәрілік затты қаптаушы ұйым

Дойче Хомеопати -Унион ДХУ- Арцнаймиттель ГмбХ & Ко. КГ,
Оттоштрассе 24, 76227 Карлсруэ, Германия

Эсклюзивті өкілі

Альпен Фарма АГ

Берн, Швейцария

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан өнім (тауар)
сапасына қатысты шағымдарды қабылдайтын ұйымның мекенжайы
«Альпен Фарма» ЖШС

Алматы обл., Қарасай ауданы, Елтай ауылдық округі,

Көкөзек ауылы, 1044 учаске

Тел./факс + 7 727 232-34-73,

+ 7 727 232-34-74

Дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты
тұлғаның ұялы тел. +7 701 035 70 69.

E-mail: info.kazakhstan@alpenpharma.com